

**«Алтын сақа» бөбекжай-балабақшасы МКҚК
жалпы ата-аналар жиналысының
№1 хаттамасы**

Өткізілген күні, айы, жылы, сағаты: «27» тамыз 2021 жыл.

Төрайымы: Қаламбаева Рита Сарсенбекқызы-меңгеруші

Хатшысы: Нұрымбетова Айжан -тәрбиеші

Тақырыбы: Балабақшадағы және үйдегі балалардың экологиялық тәрбиесі

Мақсаты: Экологиялық мәдениеттің негіздерін қалыптастыру, оның барлық алуан түрлілігімен, оны қорғайтын адамдармен табиғатқа саналы түрде дұрыс көзқарас қалыптастыру. Балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін тәрбиелеудегі отбасының рөлін арттыру.

Қатысқандар:

1. 12 бөбекжай педагогтары

2. 55 ата-ана

Қатыспағаны: 30 ата-ана (себепті)

16 ата-ана (себепсіз)

Күн тәртібі:

1. 2021-2022 оқу жылының мақсат-міндетімен таныстыру, ата-аналар комитетін сайлау-меңгеруші Р.С.Қаламбаева.

2. Жаңа оқу жылындағы әдістемелік жұмыс бағыттарымен таныстыру - әдіскер – С.Жарылқасын

3. Ата-аналарға арналған психологиялық тренинг «Біз ата-анамыз» «Түймедақ» ойыны. – педагог-психолог Р.Қаламбаева

4. Әртүрлі мәселелер – меңгеруші Р.С.Қаламбаева.

ЖИНАЛЫС БАРЫСЫ:

I ТЫҢДАЛДЫ: 2021-2022 оқу жылының мақсат-міндетімен таныстыру, ата-аналар комитетін сайлау.

СӨЙЛЕДІ: бөбекжай меңгеруші Р.С.Қаламбаева ата-аналарды жаңа оқу жылымен құттықтап, 2021-2022 оқу жылының мақсаты балалардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың жан-жақты үйлесімді дамуы үшін жайлы және қауіпсіз жағдайлар жасау, мектеп жасына дейінгі балаларға экология құралдары арқылы, тірі және өлі табиғаттағы құбылыстар жөнінде нақты жалпылама түсініктерді қалыптастыру. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру, бөбекжайдың басым бағытына тоқталып, атап өтті. Бөбекжай мен отбасы арасындағы ынтымақтастық балалардың жан-жақты дамып, білім мен тәрбие алуына негізгі себепкер болатынын, ата-ана баласының балабақшада нені үйреніп, меңгеріп жатқанынан хабардар болып, баламен бірге үйреніп, бірге жұмыс жасаса, балаларымыз жан-жақты жетілген тұлға болып қалыптасады дей келе, бөбекжайдың ата-анамен арасындағы байланысты нығайтып, бөбекжай жұмысына белсене қатысуға себепкер болатын, жаңа оқу жылына ата-аналар комитетін сайлауды ұсынды.

II ТЫҢДАЛДЫ: Жаңа оқу жылындағы әдістемелік жұмыс бағыттарымен таныстыру

СӨЙЛЕДІ: әдіскер С.Жарылқасын сөз алды. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2021-2022 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хаты 2021-2022 оқу жылының мақсат-

міндеті мен жұмыс бағытын айқындап берді. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі негізінде әзірленген, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты балалардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың жан-жақты үйлесімді дамуы үшін жайлы және қауіпсіз жағдайлар жасау болып табылады. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру аясында мектепке дейінгі білім беру жүйесінің негізі басым бағыттары айқындалған. 2021-2022 оқу жылындағы негізгі міндеттер белгіленіп, ол мынадай бағыттарды қамтиды:

- әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құруды;
- балаларды қызықты ойын түрінде (шаршауды болдырмау үшін) тәрбиелеу, оқыту және дамытуды;
- баланы білім беру процесіне толыққанды қатысушы (субъект) деп тану;
- ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балаларға қоғамның оң көзқарасын қалыптастыруды;
- мектепте оқуға қажетті дағдыларды жетілдіруді (қауіпті немесе қауіпсіз әрекеттерді бағалай білу; эмоцияларын басқару; баланың жалпы когнитивтік дамуы);
- әртүрлі әлеуметтік топтардан шыққан балалардың сапалы мектепке дейінгі білім алуы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз ету.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі негізгі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады:

- ойын арқылы оқыту;
- білім беру салаларын кіріктіру арқылы тәрбиелеу, оқыту, дамыту.

Мектепке дейінгі жас баланың жеке тұлғасын қалыптастыру үшін өте маңызды. Бұл жаста балалардың сөйлеу, сенсорлық дағдылары қалыптасады, сондай-ақ ақыл-ой, дене, эстетикалық, патриоттық тәрбие беру көзделеді. Биылғы оқу жылында бөбекжайда 2 кіші топ яғни, 2 жастағы балалар мен 2 ортаңғы және 1 ересек, 1 мектепалды даярлық топтары бар. Бұл топтардың барлығы балаларға білім мен тәрбиеші мемлекеттік тілде береді. Балабақшада мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың білікті мамандары жұмыс жасайды. Ата-аналарға арналған консультативтік пункт жұмысы бар. Онда ата-аналарға мамандар мен тәрбиешілер қажеттілігіне қарай кеңестер беріп отырады. Балаларымыздың ойлау қабілетін, зияткерлігін дамыту мақсатында әр түрлі сайыстарға қатыстырамыз. Балалар жас керекшеліктеріне сәйкес білім мен тәрбие алады.

ІІІ ТЫНДАЛДЫ Ата-аналарға арналған психологиялық тренинг «Біз ата-анамыз». «Түймедақ» ойыны

СӨЙЛЕДІ: педагог-психолог Р.Қаламбаева сөз алды. Ештеңе адамның өз балалары сияқты күшті ойландырып, толғандырмайды. Балаңызбен қалай ортақ тіл табуға болады, сіз және балаңыз бір-бірін сөзсіз қалай түсінуге болады. Біз бүгін бұл туралы сөйлесеміз. Мен сіздерге ойынға қатысуды ұсынамын; бір жерде біз ойланамыз, бір жерде балаңыздың орнына тұруға тырысамыз. Сіздер балаларыңызды одан да жақсы түсінесіздер, балаңыздың көңіліне одан да сезімтал боласыз, бір-біріңіздің мүдделеріңізді одан да көп түсінесіздер деп үміттенемін. Сонымен, бір-бірімізбен сәлемдесуден бастайық, деп ата-аналармен тренинг ойын өткізді.

ІV ТЫНДАЛДЫ. Әртүрлі мәселелер

СӨЙЛЕДІ: меңгеруші Р.Қаламбаева бөбекжайда жасалатын алдағы жұмыстармен қысқаша таныстырып өтті және ол жұмыстарға ата-аналардың белсенді катысып отыруларын айтты. Ата-ана мен бөбекжай арасындағы ынтымақтастық жұмыстары нәтижесінде балаларымызды тәрбиелеу мен оқыту барысында үлкен жетістіктерге жететінімізді айтты.

Шешім:

1. Ата-аналар комитеті бірауыздан сайлансын.
2. Ата-аналармен жұмыс жандандырылсын.

Төрайымы:

Хатшысы:



Р.С.Қаламбаева

А.Нұрымбетова

**«Алтын сақа» бөбекжай балабақшасы МКҚК
жалпы ата-аналар жиналысының
№2 хаттамасы**

Өткізілген күні, айы, жылы, сағаты: «12» мамыр 2022 жыл.

Төрайымы: Қаламбаева Рита Сарсенбекқызы-меңгеруші

Хатшысы: Нұрымбетова Айжан-тәрбиеші

Тақырыбы: Балаларға балабақшада және үйде экологиялық тәрбие беру

Мақсаты: Экологиялық мәдениеттің бастауларын қалыптастыру, табиғатқа оның сан алуан түрлілігімен, оны қорғайтын адамдарға деген саналы түрде дұрыс қатынасты қалыптастыру. Өмір мен денсаулықтың құндылығын және олардың қоршаған ортаға тәуелділігін түсіну. Балаларды табиғатты сүйуге тәрбиелеудегі отбасының рөлін арттыру.

Қатысқандар:

3. 12 бөбекжай педагогтары

4. 53 ата-ана

Қатыспағаны: 34 ата-ана (себепті)

16 ата-ана (себепсіз)

Күн тәртібі:

1. №1 ата-аналар жиналысының шешімінің орындалуы
2. «Тәрбиеленушілерді экологиялық мәдениетке баулудың тиімділігі және жыл бойы жүргізілген оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындысы» - әдіскер – Жарылқасын С.
3. Психологиялық тренинг – педагог-психолог Р.Қаламбаева
4. «Бақытты балалық шақ» балалардың шағын концерті
5. «Жаз мезгілінде жұқпалы аурулардың алдын алу» баяндама медбике
6. Ағымдағы мәселелер– меңгеруші Қаламбаева Р.С

ЖИНАЛЫС БАРЫСЫ:

I ТЫНДАЛДЫ: №1 ата-аналар жиналысының шешімінің орындалуы

СӨЙЛЕДІ: бөбекжай меңгерушісі Р.қаламбаева өткен жалпы ата-аналар жиналысында қаралған мәселелердің орындалу барысына тоқталып, өтті.

II ТЫНДАЛДЫ: «Тәрбиеленушілерді экологиялық мәдениетке баулудың тиімділігі және жыл бойы жүргізілген оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындысы»

СӨЙЛЕДІ: әдіскер Жарылқасын С сөз алды. Адам мен табиғат біртұтас, бөлінбейтін ұғым. Табиғат бізге үлкен әсер етеді және адамның табиғатпен байланысы мәселесі жаңа емес, ол әрқашан орын алады. Бүгінгі таңда біздің планетамыздағы экологиялық өзгерістер адамдарды осы мәселенің мәнін тереңірек білуге және оның практикалық шешілуіне қосылуға итермелейді. Бүгінгі таңда адамдардың экологиялық надандығынан адамзат алдындағы қылмысқа дейін бір қадам бар. Бұл экологиялық надандықтар отбасында, балабақшада, мектепте, институтта қалыптасады. Сіз табиғатты білмей сүйе алмайсыз. Сіз неғұрлым көп білсеңіз, соғұрлым түсінесіз және сүйесіз. Бірнеше жылдан кейін біздің балаларымыз ересектер болады. Біздің қоғамның өмірі, біздің жердің тағдыры үшін жауапкершілік олардың мойнына жүктеледі. Ересектер біздің табиғатымызды жақсы көреді және қорғайды ма, экологиялық ортадағы өз қызметінің салдарын болжай ала ма, ол бізге байланысты, деп ата-аналардан сауалнамаға жауап беруді ұсынды.

III ТЫҢДАЛДЫ Ата-аналарға арналған психологиялық тренинг «Ата-ана махаббатының жолы»

СӨЙЛЕДІ: педагог-психолог Р.Қаламбаева сөз алды. Ештеңе адамның өз балалары сияқты күшті ойландырып, толғандырмайды. Балаңызбен қалай ортақ тіл табуға болады, сіз және балаңыз бір-бірін сөзсіз қалай түсінуге болады. Біз бүгін бұл туралы сөйлесеміз. Мен сіздерге ойынға қатысуды ұсынамын; бір жерде біз ойланамыз, бір жерде балаңыздың орнына тұруға тырысамыз. Сіздер балаларыңызды одан да жақсы түсінесіздер, балаңыздың көңіліне одан да сезімтал боласыз, бір-біріңіздің мүдделеріңізді одан да көп түсінесіздер деп үміттенемін. Сонымен, бір-бірімізбен сәлемдесуден бастайық, деп ата-аналармен тренинг ойын өткізді.

IV ТЫҢДАЛДЫ «Жаз мезгілінде жұқпалы аурулардың алдын алу» баяндама

СӨЙЛЕДІ: медбике Алимжанова М сөз алды. Жұқпалы аурулар адам организміне қоздырушы микробтар түсу салдарынан пайда болады. Барлық жұқпалы аурулардың ортақ белгісі жұққан организмнен сау организмге берілуі болып табылады және белгілі бір жағдай орнағанда жаппай, індеттік сипат алады. Жұқпалы ауру эпидемиологияда жеке түрлік, ал кейде типтік жағынан да жеке қоздырушы туғызған жұқпалы жағдай ретінде түсініледі. Сансыз тірі организмдер арасында микроскоптың түрдегі немесе микроорганизмдер көрнекті орын алады. Олар топырақта, суда, ауада, айналадағы заттарда бар. Олар азот, көміртегі, сутегі және табиғаттағы басқа элементтердің айналымына қатысады. Ауыл шаруашылығында, тамақ өнеркәсіптерінде, медицинада пайдаланылатын адамға пайдалы микроорганизмдермен қатар адамдардың, малдардың және өсімдіктердің ауруын шақыртындары да бар. Бұл микробтар зардапты, яғни ауру тудыратын деген атауға ие болған. Ауру тудырмайтын және сыртқы ортада өмір сүретін микроорганизмдер сапрофиттер деп аталады. Қоздырушыларды берудің неғұрлым типтік факторларын атап өтті.

V ТЫҢДАЛДЫ. Әртүрлі мәселелер


СӨЙЛЕДІ: Р.Қаламбаева меңгеруші бөбекжайда жаз мезгілінде жасалатын алдағы жұмыстармен қысқаша таныстырып өтті және ол жұмыстарға ата-аналардың белсенді қатысып отыруларын айтты. Ата-ана мен бөбекжай арасындағы ынтымақтастық жұмыстары нәтижесінде балаларымызды тәрбиелеу мен оқыту барысында үлкен жетістіктерге жететінімізді айтты.

Шешім:

1. Ата-аналар комитеті бірауыздан сайлансын.
2. Ата-аналармен жұмыс жандандырылсын.

Төрайымы:

Хатшысы:



Р.Қаламбаева

А.Нұрымбетова